

**А.Ш. Несіпбай***Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан**E-mail: ainur-nesipbaeva@mail.ru*

## Қазіргі қазақ тіліндегі будан атаулардың тілдік ерекшеліктері

**Аңдатпа.** Тіл адамдардың қарым-қатынас құралы, ойлау құралы ретінде өзіндік тарихи жолды басынан өткеретіні белгілі, бірақ сонымен бірге оның басқа шет тілдерінің көмегімен қалыптасып, байып отырғаны және тілге енуі маңызды факт болып табылады. Мақаланың негізгі мақсаты қазіргі қазақ тіліндегі гибриді аталымдардың тілдік сипатын қарастыру, оларға жалпы түсінік беру, гибриді аталымдардың тілде пайда болу себептерін, жолдарын дәйектеу, пайда болуының ерекшеліктері мен заңдылықтарын анықтау. Осы мақсатқа байланысты төмендегі міндеттер орындалады: қазіргі қазақ тіліндегі гибриді аталым жасау модельдерін анықтау, морфологиялық құрылымына және сөзжасамдық модельдерді жүзеге асыру ерекшеліктерін есепке ала отырып, гибриді аталымдардың құрылымдық-семантикалық сипаттамасының негіздемесін жасау және қазақ тіліндегі гибриді аталымдардың классификациясын жасау. Қазіргі кезде будан сөздер тілімізде кеңінен қоланылып жүр, әсіресе еліміз тәуелсіздік алған соң аталған сөздердің саны күрт өсті. Аталған терминдердің тілімізде қолданыста көбеюінің себебін анықтап, будан терминдердің жасалуын, олардың функционалдық және семантикалық ерекшеліктерін айқындау зерттеу жұмысымыздың басты мақсаты болып табылады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері мен қорытындыларын болашақта жүргізілетін ғылыми ізденістерге негіз бола алады, сонымен қатар зерттеу материалдары қазақ тіліне енген будан сөздер сөздігін даярлауда әдістемелік көмекші құрал бола алады.

**Түйін сөздер:** будан, тілдік будандастыру, сөзжасам, реципиент тіл, кірме сөздер, біріккен сөздер, шеттілдік сөздер, терминология.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-87-94>

**Кіріспе.** Қазіргі тіл білімінде шетел лексикасын ана тілінің жүйесіне кіріктіру мәселесі соңғы кездері жиі қарастырылуда. Бұл аспект отандық тіл білімінде де, шетел тіл білімінде де зерттеледі. Елімізде қолданыс аясында кеңінен тараған тілдердің бірі, орыс тілін ұлтаралық қарым-қатынас тілі десек, ағылшын тілін мемлекетіміздің әлемдік қауымдастыққа кірігу үшін маңызы зор тілдер қатарына жатқызамыз. Бұл екі тілді донор тілдер қатарына жатқызсақ, қазақ тілін қабылдаушы тіл немесе кейіннен тіл білімінде жиі қолданыста жүрген термин реципиент тіл қатарына жатқызамыз. Донор тілдің

қабылдаушы тілге, яғни реципиент тілге әсері өте зор, оны біз тілімізде гибриді сөздердің пайда болуы, көбеюі және тілде орнығуынан байқауымызға болады.

Зерттеудің өзектілігі қазақ тіліне шет тілдік сөздердің тілімізге еніп, жиі қолданыста болып, басқа да тілдік бірліктердің жасалуына негіз болуы, яғни, гибридітелуі тілдегі гибриді аталымдардың пайда болуының негізгі көзі екендігін түсіндірумен байланысты. Сонымен қатар гибриді аталымдар туралы соңғы уақытта біршама мәселелер көтеріліп жатса да, жұрнақ және префикстердің жалғануы арқылы жасалған гибридітік аталымдарға

байланысты аспектілер іс жүзінде назардан тыс қалып отыр. Сондықтан осы жұмыста гибридтік аталымдардың ішіндегі сөзжасамдық жолмен жасалған түрлеріне де ерекше назар аударылады.

Мақалада қазіргі қазақ тіліндегі бұдан терминдердің тілдік ерекшеліктері қарастырылып, оларға жалпы түсінік беріледі, сонымен қатар бұдан терминдерді зерттеу барысындағы әлеуметтік және лингвистикалық негіздемелер, зерттеудің әдіс-тәсілдері, жалпы бұдан терминдердің қазақ тілінің дамуына әсер ететін факторлар қарастырылып, осы бағыттағы әртүрлі ғылыми еңбектер мен ізденістерге сараптама жасалған. Гибрид терминдер қазақ терминологиясын жан жақты дамытуға, жүйелеуге және қалыптастыруға, сөздік қорды байытуға бірден-бір ықпалын тигізетін терминдер болып табылады. Жаһандану процесі тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасқатүсі, саяси, мәдени, экономикалық, техникалық және компьютерлік салаларда интеграциялануы шет тілдік атаулардың қазақ тіліне ену процестерін күшейтуде. Бұл көбінен терминдерге қатысты. ХХ ғасырдың ортасында тілімізге кірме сөздер мен терминдер көптеп енгенімен олар құрайтын терминбөлшектердің, толық мағыналы сөздердің бірін сол қалпында қалдырып, екіншісін өз тіліне аудару кең тарамған еді. Ал біріккен, кірме терминдер мен жалпы қолданыстағы атаулардың қосымшаларын өз тіліміздегі жұрнақтар немесе жалғаулармен алмастыру кеңінен тарады.

Орыс лингвисті А.А. Реформатский өзінің «Тіл біліміне кіріспе» кітабында былай деп жазады: «Нет ни одного языка на земле, в котором словарный состав ограничивался бы только своими исконными словами. В каждом языке имеются и слова заимствованные, иноязычные. В разных языках и в разные периоды их развития процент этих «не своих» слов бывает различным» деп атап көрсетеді [1, 14]. Соңғы екі мыңжылдықтың тоғысында тілдер тез арада көптеген өзгерістерге ұшырап келе жатыр. Бүгінде ағылшын тілі халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде қалыптасты. Күн сайын ағылшын тілінен енген шетелдік сөздерді тілімізде жиі кездестіреміз. Соңғы кездері отандық тіл мамандары және ғалымдар тілде биллингвизм құбылысының жиіленіп кеткенін, атап айтқанда, ағылшын-орыс, ағылшын-қазақ екітілділік құбылыстарды ағылшын тілінің

үстемділігінің басты себептерінің бірі екенін атап айтады. Ағылшын тілінде грек, латын және француз тілдерінен шыққан сөздердің саны көп, олар тілде графикалық ерекшеліктерін сақтап қалған болса да оқылуы ағылшын тілі ережелеріне сай. Соңғы жылдары тіл мамандары бұдан сөздердің тілде жиі кездесетіні туралы айтып жүр.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы өзінің терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулығында гибрид терминдерге «Бұдан немесе гибрид термин деп бір бөлігі өзге тілден алмасқан, ал екінші бөлігі қабылдаушы тілге, яғни реципиент тілге аударылған немесе байырғы сөз болып келетін терминдерді айтады. Мысалы, олардың қатарына жартылай калька (мысалы, теле tele - көпір мост, радио - қондырғы) және бір бөлігі өзге тілден алынған, ал екінші бөлігі төл сөз болып келетін жартылай кірме терминдер жатады. Мұндайда түбір морфема да мысал айтсақ, (демократия-лан/дыр/у, реформа-шыл/дық) немесе қосымша морфема да (фото- сурет, ...т.б.) алмасуы мүмкін» деген анықтама береді [2, 15].

Қазақ әдеби тілінің сөздік құрамын дамыту мәселесі қазіргі тіл білімінде өте маңызды орын алады. Сөздік қорды толықтырудың екі әмбебап тәсілі бар: олар сөзжасамдық үлгілер бойынша жаңа сөздердің жасалуы және кірме сөздер. Ал кірме сөздердің бір түрі қазақ тілінің сөздік қорын белсенді түрде толықтыратын гибрид сөздер. Гибрид сөздер қазіргі қазақ тілінде кеңінен тарап жатқан сөздердің бір түрі, бұл сөздерді лексика және терминқор жүйесінде де кездестіруге болады, сондықтан да қазіргі таңда ғалымдар бұл терминдерді жоққа шығару мүмкін емес екенін айтады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеу жұмысы барысында төмендегідей теориялық әдістер пайдаланылды: филологиялық, өнертанушылық, этнографиялық, педагогикалық, психологиялық, ғылыми және әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, атақты ғалымдардың еңбектерімен танысып саралау және озық іс-тәжірибелерді жинақтау.

Белгілі профессор Б. Момынова өз еңбегінде гибрид сөздер туралы былай деп жазады: «Тілдің тілге ықпал-әсері әсердің тілдегі көріністері әр түрлі және нәтижелері көрер көзге байқалып тұрады: солардың бірі – тілдегі гибрид сөздердің пайда болуы,

олардың көбеюі, соңында тілде орнығуы. Қазақ тіл білімінде гибрид сөздерді бірде «қоспа», бірде «будан» деген баламамен атап жүр. Бұл екі атау да тілде әлі гибрид мағынасымен орнықпағандықтан, «гибрид» сөзінің өзін әзірше қалдыра тұрамыз. Бірақ «буданнан» гөрі «қоспа» сөзін қолайлы санайтынымыз рас. Гибридтену – қазіргі интеграция, яғни жақындасу, араласу барысындағы тіл атаулының бәрінде де көрініс тауып отырған құбылыс. Құбылыс ретінде үнемі күшейіп келе жатқаны да күмән келтірмейді. Интеграциялану процесінен ешқандай тысқары қалмай келе жатқан елдің тілі ретінде қазақ тілі де осы құбылыстың әсеріне шалдыққан. Оның бірнеше себептері бар: а) ғылым мен техникалық жаңалықтардың өзге елдерде ашылуы, көп болуы; ә) тілдері донорлық дәрежеге жеткен елдерде қоғамдық-саяси өзгерістердің болуы және қоғамдық-саяси жаңалықтардың сол елдердің моделіне салынуы, үлгі ретінде қабылдануы; б) сол елдердің экономикалық басымдығының болуы; в) жазудың және жазудың негізгі қаруы саналатын әдеби тіл рөлінің артуы; г) ең бастысы – жазудың көмегіне сүйенетін жазба коммуникацияның өз күшіне енуі», - дейді [3, 260-264].

**Талқылау мен бақылау.** Шетел сөздері реципиент тілге қарапайымданған түрінде кіреді. Осы қабылдаушы тілінде сөзжасамдық бейімделуден өту барысында кірме сөздер морфемалық құрылым бойынша бөлінуі мүмкін. Бұл жағдайда жаңа сөз төл тілде іргеленіп, өзінің түбірі негізінде басқа сөздерді туындатуға мүмкіншілік алады. Егер шетел сөзі сөзжасамдық өнімділігін қабылдаушы тілде арттырса, ол туындататын сөз – туындаған сөз деривациялық қатынастарға кіріп, морфемдік құрылымы бойынша бөлінеді, мысалы, ағылшын кірме сөздерінің біршама сөздері қарапайымданып, морфемдік құрылым жағынан бөлінбейді, ал көпшілігі жаңа тілде сөзжасамдық белсенділігін арттырып, жаңа сөздер құрайды. Қазіргі қазақ тілінің реципиент, яғни қабылдаушы тіл рөлін атқаратыны белгілі. Мысалы: бизнесмен, аудитор, аквафитнес, супервайзер, тинейджер, арт-директор, аквадайвинг, арт-рок, арт-терапия, фронт-офис, футинг.

Терминбөлшектер арқылы жасалған халықаралық термин сөздердің саны көп болып келеді және олардың саны күннен

күнге артуда. Бұл туралы тағы да ғалым, профессор Ш. Құрманбайұлы еңбегінен кездестіруге болады: «Біз кейінгі 15-20 жылда жасалған жүздеген жаңа терминдерді жинақтап, саралау барысында байқағанымыз, бұрын орыс тіліндегі қалпында қолданылатын көптеген кірме терминдердің бір сыңары, яғни жартылай аударылған, негізінен латын-грек термин-бөлшектері сақталған будан (гибрид) терминдердің көптеп пайда болып жатқандығы. Мысалы: авиатасымал, автоұшқыш, бейнекамера, бейнефильм, биоотын, геосаясат, дендробақ, киберқылмыскер, киноүлдір, қалтафон, метатіл, микроағза, мотоатқыштар, радиожилік, суб-қоржын, ультрадыбысты, фотоайғақ, экожүйе, этносаясат және т.б. терминдерді осы қатарға жатады» [4].

Қазіргі таңда лингвист ғалымдардың еңбектерінде қазақ тіліне шетел лексикасының енуінің маңызды көздерінің бірі бұқаралық ақпарат құралдары екені атап өтіледі. Әлемдегі коммуникацияның қазіргі жағдайы кейде жаһандық биллингизм дәуірі ана тілі + ағылшын тілі ретінде сипатталады. Ағылшын тілінің әлемдік үстемдігін анықтайтын негізгі факторларды ерекше атап өту керек: біріншіден, саяси билік және ағылшын тілінде сөйлейтін елдердің дамыған экономиканың болуы, әсіресе АҚШ, екіншіден, интернет желісіндегі ағылшын тілінің басымдығы, жаһандық ақпараттық қоғамға қосылуға ұмтылу, кез келген заманауи мемлекет технологиялық бәсекеге қабілетті болу үшін ағылшын тілінде келетін ақпаратты қабылдауы және пайдалануы керек, үшіншіден, ағылшын тілі халықаралық ұйымдар жұмысының негізгі тілдердің бірі болып табылады. Сондықтан қазіргі кезде гибрид терминдерді бұқаралық ақпарат көздері болып табылатын коммуникация саласында, кино, радио, телевидение, интернет сайттардан және электронды басылымдардан жиі кездестіреміз. Мысалы: авиатасымал, аудиокітап, автоапат, авиоапат, автонесие, гаджеттану, бейнетрафик, дефолттау, экоорталық, киберкеңістік, киберқылмыс, мегаөзгеріс, микроқаржы, микроқарыз, макроқұрылым, микротолқын, медсақтандыру, телетілші, телешоу, фототілші, фотокөрме, санэпидтексеру, инфрақұрылым, метеоорталық, этнотоп, экожүйе, эоқала, эоаймақ, георналасу, георталық, геосаяси, бейнетрафик, гипербелсенділік.

Будан терминдерді әртүрлі этимологияның сөзжасамдық элементтерінен құралған туынды, күрделі немесе күрделі туынды сөз ретінде анықтауға болады. Будан сөзжасам қазіргі тілдердегі заманауи үрдіс болып табылады және екі негізгі топқа бөлінеді: гибридіті композиттер және гибридіті туындылар.

**Құрама сөзжасам:** Сыртқы лексема+ішкі лексема: автомобильтасығыш, автомобильдауарғыш, киножоба, киноөндіріс, медиабедел, газқұбыр, кинокенестік, агроқұрылыс, агроөнеркәсіп, агросала, агросаясат, биоқалдық, биотын, биотөлқұжат, биосүзгі, еурожендеу, еуроаймақ, еуродода, дендробақ, коңусбейнелі. Ішкі лексема+сыртқы лексема: бейнекамера, бейнефильм, бейнеклип, бейнеконференция, бейнесюжет.

**Туындысөзжасам:**Сыртқыпрефикс+ішкі лексема: автобекет, автошеру, автотасымал, автоапат, автоәлем, автотасығыш, автошығыр, автосаты, автодүкен, автокүрежол, автошеберхана, антидағдарыс, автомәшине, автотиеуіш, автомәшинеші, аэрошана, веложарыс, веложорық, велосаяхат, веложол, гидроұшақ, гидрожүйе, гидроқысқыш, гидробалға, супертек, супермұқаба, субқоржын, трансұлттық, трансқұрылықтық, фотокөрме, фотокөрініс, фотоқадағалау, фотоқондырғы, фотомәре, фотоөнер, фототілші, тележоба, телеөнер, телехикая, телетуынды, телетүсірілім, телекөпір, телекөгермен, телемұнара, телеойын, киберқауіпсіздік, киберқарақшы, киберқылмыскер, кибершабуыл, экожүйе, экоорталық, этносаясат. Ішкі лексема+сыртқы жұрнақ: абсорбациялау, рефрижераторлық, геологиялық, гидравликалық, коммерциялық, авариялылық, индукциялылық, инерциялылық, инновациялылық, гидрофобтық, фокуссыздандыру, наградау, идентификаттау, аттестаттау, каталогтау, асфальттау, ортогоналдандыру, идентификаттау, зарядтау, ортогоналдандыру, аккумуляторлық, пластификациялау, бизнесинкубациялау, инспекциялау, эвакуациялау, фокуссыздандыру.

Ал будан терминдерді құрамына қарай жалпылама жіктейтін болсақ, бұл терминдерге :

- шет тілінің (ағылшын, неміс, француз, латын) сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы

жасалған күрделі терминдер: автокөлік, автомектеп, автоқызмет, агрегатшы, амперсағат, газрядтық, радиоарна, фабриказауыт, дубль-сәтен, креп-сәтен, агрокешен, нанобөлшек, мегажоба, телетұлға, транзитшот, этнотоп;

- шет тілінің сөзі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: альфа-бөлшек, автосақтандыру, цифрлы-аналогтытүрлендіргіш, аэрофототүсірілім, автобелсендіру, электрқозғалтқыш, вакуумсорғы, битумқұбыр, амплитудалық-жілілікті, атомдық-күштік, атомтәрізді, газсіңіргіш, радиобөгеуіл, детектор-қармағыш, дизель-пойыз, наноаспап, нормаөлшегіш, ультракүлгін, псевдосызықты, фактор-өлшем, псевдо-ғылым, объекті бағытталған;

- қазақ тілінің сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: әуе-реактивті, қысқапериодты, асқынғалактика, бейстационарлық, екі-компоненттік, сұйықфазалық, бейполярылық, төрттактілі, шартты-рефлексті, шартты-рефлексіз, коммутаторлы-үлестіру, жиіліктік-модуляциялық, серпімді-деформация, серпімді-механикалық, талшықты-оптикалық;

- қазақ тілінің сөзі мен орыс тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: бірфазалық, бірөстік, айнымалы-токтық;

- орыс тілінің сөзі мен шет тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: радиотелеграф, шот-фактура;

- орыс тілінің сөзі мен қазақ тілі сөзінің бірігуі арқылы жасалған күрделі терминдер: микроағза, гибридтену, минаіздегіш, атаславян, славянтану;

- шет тілдерінен енген кірме сөздерге қазақ тілінің қосымшаларын жалғау арқылы жасалған терминдер: таргеттеу, долларсыздану, селфилету, интерфейстік, пропагандалау, американдану.

**Нәтижелер.** Зерттеуші ғалымдар гибридіті терминдердің тілге қайдан және қандай себеппен келгендігін зерттеп қана қоймайды, гибридіті терминдердің басқа тілге енуін, оның жасалу жолдарын, грамматикалық ережелер мен фонетикалық нормаларына сәйкестігі, сөздік құрамға, яғни тіл білімінде, лекикология саласында қандай өзгерістер әкеледі деген мәселелерді қарастырады. Атақты орыс лингвисті А.Потебня қандай нәрсе қай тілден келгендігін емес, тілімізге не қосылды және басқа тілден енген сөз



нәтижесінде не пайда болды деп сұрау керек деген [5]. Басқа тілден енген сөздердің жат тілде жаңа сипат алуы өте күрделі құбылыс. Кірме сөздер реципиент тілдің заңдылықтары әсерінен бірқатар өзгерістерге ұшырайды, атап айтқанда бұл өзгерістерді фонетика және грамматика саласынан байқауға болады. Кейбір шетел сөздері тілге толықтай сіңсе, кейбір кірме сөздер сол өзінің тілдік қалпын сақтап қалады. Будан атаулар тілге екі жолмен енеді: олар ауызша және жазбаша. Ауызша жолмен енген сөздер тілге тез сіңіп кетеді де, басқаша айтқанда тілде өз орнын тез тапса, жазбаша түрде енген атаулар өзінің фонетикалық, орфографиялық және грамматикалық ерекшеліктерін сақтап қалады. Будан сөздердің жасалу жолдары әр түрлі болатынын жоғарыда айтып кеттік. Соның ішінде гибрид сөздердің келуінің кең таралған және ең негізгі жолдары болып табылатын транслитерация, транскрипция, калькалау және семанткалық тәсілдерін жатқызуға болады.

Транслитерация дегеніміз бұл шет тілдік сөздің жазылуы әр елдің өз әліпбиімен жазылуы. Транслитерацияда сөздер қабылдаушы тілдің ережесіне сәйкес оқылады. Мысалы: вип (VIP), пиар (PR), веб-браузер (web-browser), айти (IT), провайдер (provider), мотель (motel), интерфейс (interface), вебсайт (website).

Транскрипция дегеніміз бұл белгілі бір тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеп бір таңбамен белгілеу. Жазу барысында бір фонема түрлі әріптермен таңбалануы мүмкін, ал транскрипцияда ол тек бір таңбамен белгіленеді. Транскрипцияда сөздің дыбыстық құрамы тура дәлме-дәл сол қалпында көрсетіледі, яғни тек сөздің дыбыстық жағына ғана аса назар аударылады. Бір әріп ыңғайына қарай түрлі фонемаларды белгілесе, транскрипциялық таңба бір ғана мағынаға ие болады. Мысалы: Иллинойс (Illinois), Мичиган (Michigan) summit (саммит), image, trailer (трейлер), briefing (брифинг), coffee-break (кофе-брейк).

Калькалау дегеніміз аударманың бір түрі болып саналады, яғни сөзбе-сөз аудару, белгілі бір сөздің не болмаса сөз тіркесінің негізгі мағынасын дәлме-дәл сол күйінде аудару. Калькалау деп сөзжасамның бір жолы болып табылатын әдісті айтамыз. Мысалы: Ақ үй (White house), Арал теңізі (Aral Sea), жарық көру (увидеть свет), қолжазба (рукопись), теледидар (телевизор), радиоқондырғы

(радиоустановка), фотосурет (фотокартина), жазушы (писатель), қызыл ту (красный флаг).

Белгілі академик Ә.Қайдаров: «Калькирование является одним из ведущих и продуктивных способов образования новых терминов в казахском языке.

Терминологические кальки посвоему характеру делятся на два типа: смысловые и структурно-смысловые» деп калькалау тәсіліне сипаттама береді [6, 24]. Калька тәсілі арқылы жасалған будан терминдердің грамматикалық құрылымы және дыбыстық ерекшелігін байқау қиындау болып табылады.

Калькалау тәсілі туралы атақты орыс лингвисті Ц.Г.Пюрбеев «Калькалау арқылы термин жасау өте күрделі мәселе. Аударманың сәтті шығуы үшін өзге тілдегі сөздің (сөз тіркесінің) семантикасын, морфологиялық құрылысы мен қолданылатын саласын жақсы білу керек» деген пікір білдіреді [7, 57].

**Қорытынды.** Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамы өзінің сан алуандығымен ерекшеленеді. Ана тілімізге әр түрлі шет тілдерінен енген кірме сөздердің саны өте зор. Кірме сөздер дегеніміз бұл шеттілдерден әр түрлі себептер нәтижесінде реципиент тілге енгізілген сөздер. Олар қоғамдағы саяси, мәдени, экономикалық қатынастардың, ғылым мен техниканың дамуына байланысты тілге енген жаңа сөздер, сөз тіркестері және тілде орныққан фразеологиялық орамдар. Кірме терминдерді игеру барысында атқарылатын іс-шаралардың келесі легі терминологиялық жұмыстардың ашықтығын көрсетуге, қоғаммен тығыз байланыс орнатуға және осы салалық терминдердің сапасын арттыруға, сөздік қорымыздың терминжасамдағы мүмкіндіктерін пайдалануға бағытталады. Кірме сөздер тек лингвистика саласын байытып қоймай, әр түрлі салаларда кеңінен тарап келе жатыр. Ал кірме сөздердің бір түрі болып саналатын гибрид сөздерге келетін болсақ, бұл сөздердің саны елімізде жаппай модернизациялау салдарынан лексика қорымызда біршама өсті. Әртүрлі ғылым салаларындағы гибрид терминдер мыңдап саналады. Бұл терминдердің бірі тілімізге аударылып енсе, екіншісі сол қалпында қолданылса, кейбір будан атаулар кірме элементтердің бірігуі арқылы жасалып жүр. Әртүрлі ғылым салаларындағы будан терминдер көптеп саналады. Будан атауларды қазіргі кезде біз ғылым тілінен ғана емес, бұқаралық ақпарат

құралдарынан да, жарнама мәтіндерінен де, ресми-іскери тілден де, көркем әдебиеттерден де кездестіріп жүрміз. Бұдан терминдер тілдік қорымызды көбейтетін шетелдік кірме сөздер қатарынан орын алады. Олардың таралуының негізгі себептері қазіргі коммуникация саласындағы қажеттіліктердің туындауына байланысты. Гибрид атаулар кірме терминдердің бір көзіне айналды.

Гибрид сөздер терминдік қор мен сөздік қордың басым бөлігін құрайтын элементтердің бірі. Қазақ тілі лексикологиясында бұдан атаулар санының артуының лингвистикалық себептерін, семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін, олардың жасалу жолын анықтау, сонымен қатар бұл атаулардың қолданыс аясын әлі де көптеген зерттеулерді қажет етеді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Реформатский А.А. Введение в языковедение / Под ред. В.А. Виноградова. – М., Аспект Пресс, 1996. – 275 с.
2. Құрманбайұлы Ш. Терминологиялық сөздік жасауға арналған әдістемелік нұсқаулық. – Астана, 2018. – 22 б.
3. Момынова Б.Қ. Тілдегі гибрид сөздер: жазба тілдік ерекшеліктері, модельдері // ф.ғ.д, профессор Г.Б. Мадиеваның ғылыми-педагогикалық қызметінің 35 жылдығына арналған «Филология мен шет тілдерен оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері: теория және практика» атты IV Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдарының жинағы – Алматы, 2018. – 437 б.
4. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография – Алматы: Сардар, 2014. - 928 б.
5. Потебня А. А. Мысль и язык. – Киев, 1993. – 192 с.
6. Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993.-89 б.
7. Пюрбеев Ц.Г. Современная монгольская терминология. – М.: Наука, 1984. – 122 с.
8. Сазанец И.М. Английский гибрицизм. Производные гибриды: автореферат дисс. кандидата филологических наук: - Тула, 2008. – 22 с.
9. Specialized Lexicography: Print and Digital, Specialised Dictionaries, Databases//edited by V. Jesensek. Berlin – Boston: Walter de Gruyter, 2013. - p. 244.
10. Маринова Е.В. Проблема этимологической интерпретации слов-гибридов (на материале современного русского языка) // Вестник РУДН, серия «Лингвистика». – 2008.-№ 4.

### References

1. Reformatskii A. A. Vvedenie v yazikovedenie [Introduction to Linguistics] Edited by Vinogradov V.A. (Aspekt Press, Moscow, 1996, 275 p.).
2. Kurmanbaiuly Sh. Terminologialyq sozdik zhasauga arналган adistemelik nuskaulyq [Methodological recommendations for compiling a terminological dictionary (Astana, 2018, 22 p.).
3. Momynova B.K. Tildegi gibrid sozder: zhazba tildik erekshelikteri, model'deri [Hybrid words in the language: written language peculiarities, patterns], f.g.d, professor G.B. Madievanyn gylymi-pedagogikalыk kyzmetinin 35 zhyldygyna arналган «Filologija men shet tilderin okytu adistemesisinin ozekti maseleleri: teorija zhane praktika» atty IV halykaralyk gylymi-adistemelik konferencija materialdaryнын zhinagy [Collection of materials of the IV International Scientific and Methodological Conference Actual Problems of Philology and Foreign Languages Teaching Methods: Theory and Practice, dedicated to the 35th anniversary of the scientific and pedagogical activity of Doctor of Philology, Professor G. B. Madiyeva] (Almaty, 2018, 437 p.).
4. Kurmanbaiuly Sh. Qazaq terminologijasy: zertteuler, oqulyq, sozdik, bibliografija [Kazakh terminology: research, tutorial, dictionary, bibliography] (Sardar, Almaty, 2014, 928 p.).
5. Potebnya A.A. Mysl i yazyk [Mind and Language] (Kiev, 1993, 192 p.).
6. Kaidarov A. Qazaq terminologijasyna zhanasha kozqaras [A new approach to Kazakh terminology] (Almaty, Rauan, 1993, 89 p.).
7. Pyurbееv Ts.G. Sovremennaya mongolskaya terminologia [Modern Mongolian Terminology] (Nauka, Moscow, 1984, 122 p.).

8. Sazanets I.M. Anglijskij gibrizizm. Proizvodnye gibridy: avtoreferat diss. kandidata filologicheskikh nauk [English hybridism. Derived hybrids: abstract of the dissertation for the Candidate of Philological Sciences] (Tula, 2008, 22 p.).

9. Specialized Lexicography: Print and Digital, Specialised Dictionaries, Databases//edited by V. Jesensek (Walter de Gruyter, Berlin – Boston, 2013, p. 244).

10. Marinova Ye.V. Problema etimologicheskoy interpretacii slov-gibridov (na materiale sovremennoogo russkogo jazyka) [The problem of etymological interpretation of hybrid words (based on the material of the modern Russian language)], Vestnik RUDN, serija «Lingvistika» Bulletin of the PFUR, “Linguistics” series, 4 (2008).

**А.Ш.Несипбай**

*Alikhan Bokeikhan University, Семей, Казахстан*

### **Лингвистические особенности гибридных наименований в современном казахском языке**

**Аннотация.** Язык как средство человеческого общения и средство мышления переживает свой собственный исторический путь, но вместе с тем немаловажным фактом является и то, что он формируется и обогащается благодаря другим иностранным языкам. Цель данной статьи - рассмотреть языковую природу гибридных номинаций в современном казахском языке, дать общее представление о них, выявить причины, пути возникновения гибридных номинаций в языке, выявить особенности и закономерности их возникновения. В связи с этой целью выполняются следующие задачи: определить модели гибридных номинаций в современном казахском языке, составить обоснование структурно-семантической характеристики гибридных названий с учетом морфологической структуры и особенностей реализации словообразовательных моделей и разработать классификацию гибридных номинаций на казахском языке. В настоящее время гибридные слова широко используются в нашем языке, особенно резко увеличилось количество гибридных слов в языке после обретения нашей страной независимости. Таким образом, очень важно выявить лингвистические и экстралингвистические причины и факторы резкого увеличения количества гибридных терминов в языке, способы их образования, смысловые, структурные и семантические особенности. Теоретической и практической значимостью исследования являются теоретические выводы, результаты и выводы исследования послужат основой для дальнейших научных изысканий по данной проблеме, материалы работы могут служить методическим пособием, а также использоваться при подготовке словаря гибридных слов.

**Ключевые слова:** гибрид, лингвистическая гибридизация, словообразование, язык-реципент, заимствованные слова, сложносоставные слова, иностранные слова, терминология.

**A.Sh. Nessipbay**

*Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan*

### **Linguistic peculiarities of hybrid nominations in the modern Kazakh language**

**Abstract.** Language as a means of human communication and means of thinking, is going through its own historical path, but at the same time an important fact is that it is formed and enriched owing to other foreign languages. Aims and objectives of research: to consider the linguistic nature of hybrid nominations in the modern Kazakh language, to give a general idea about them, to identify reasons, ways of emergence of hybrid nominations in language, to identify features and patterns of their occurrence. In connection with this goal, the following tasks are performed definition of models of hybrid nominations in the modern Kazakh language, to make a substantiation of structural and semantic characteristics of hybrid names, taking into account the morphological structure and features of implementation of word-formation models and development of a classification of hybrid nominations in the Kazakh language. Currently, hybrid words are widely used in our native language, especially after our country gained its independence, the number and usage of hybrid words in language has increased dramatically. Thus, it is very important to identify linguistic and extralinguistic reasons and factors for sharp increase in number of hybrid terms in language, the ways of their formation, as well as semantic, structural features. Practical

significance of research: theoretical conclusions and results of the research will serve as the basis for further scientific research on this issue; the materials of work can serve as a methodological aid, as well as in preparation of a dictionary of hybrid words.

**Keywords:** hybrid, linguistic hybridization, word formation, recipient language, borrowed words, compound words, foreign words, terminology.

**Автор туралы мәлімет:**

**Несіпбай А. Ш.** – докторант, Әлихан Бөкейхан университеті, Семей, Қазақстан.

**Nessipbay A. Sh.** – PhD student, Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan.